

БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН АРТТЫРУДА БАСТАУЫШ МЕКТЕП ПЕН ОТБАСЫНЫҢ БІРЛЕСІП БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУ

Қалыбекқызы Айым

aigul_bekbol@mail.ru

7M01301 «Білім берудегі менеджмент» білім бағдарламасының 2 курс магистранты
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, қауымд.профессор, п.ғ.к. - Утешкалиева А.М.

Бастауыш мектеп пен отбасының бірлесіп әрекет етуі - белгілі бір педагогикалық немесе басқаруға мақсатталған, арнаулы бағыттағы, ортақ мақсаты-оқушыны тұлға ретінде қалыптастыруды көздейтін екі жақты серіктестікті айтады.

Мектепте, отбасы да қоғамдық басты институттар болып табылады. Мектеп табалдырығын аттаған оқушы мектепті тәмамдағанша осы екі қоғамдық институттан тәрбие мен білім алып, тұлға ретінде қалыптасып шығады. Сондықтан екі қоғамдық институттың өзара бірлесіп бір мақсатта, бір бағытта әрекет етуінің маңыздылығы зор.


Кеңестер Одағы кезеңінен бастап бала тәрбиесіне тек мектеп қана жауаптылықты алмайтындығын, бастауыш мектеп пен отбасы бірлесе отырып педагогикалық әрекет етудің нәтижесінде ғана оқушы талапқа сай қалыптасатындығы туралы белгілі болған.

Бастауыш мектеп пен отбасы арасында бірлесіп әрекет ету немесе серіктестік негізінде байланыстар орнату келесідей факторларға негізделеді, бұл факторлардың әрқайсысы өз деңгейінде жүргізілмесе баланың қалыптасуына кері ықпал ету қаупі де туындауы мүмкін. Ол факторларға мыналар жатады:

1. Бастауыш мектеп пен отбасы бірлесіп әрекет ету факторы. Бастауыш мектеп кезеңі баланың қалыптасуында маңызды рол ойнайтын физиологиялық және психологиялық кезең болып табылады. Бұл кезеңде баламен жұмыс жасауда отбасы бөлек, бастауыш мектеп бөлек әрекет етілген жағдайда бастауыш сынып оқушысының жан-жақты кемелденіп қалыптасуына қол жеткізу мүмкіндігі жойылады. Бұл дегеніміз баланың білімін арттыруда, тәрбиеленуінде, дүниетанымының қалыптасу процестерінде мектеп пен отбасы бірлесіп, бір бағытта жұмыстарды ұйымдастырудың маңыздылығы осы фактормен байланысты деген сөз.

2. Оқушының қалыптасуында бастауыш мектеп пен отбасының педагогикалық іс-әрекеттері өзара келісілген болуы керектігі. Бұл фактор да маңызды факторлардың бірі болып табылады. Баланы кемелденген тұлға ретінде қалыптастыру үшін бастауыш мектеп те, отбасы да бірдей, бір мақсатты тәрбиелеу және білім беру шараларын жүргізуі керек болады. екі қоғамдық институт бірлесе отырып, өзара хабар алмасу арқылы біртұтас білім беру, тәрбиелеу кеңістігін қалыптастыра алуы шарт.

3. Оқушының тұлға ретінде қалыптасуында бастауыш мектептің де, отбасының да алатын жауапкершілігі мен міндеткерлік деңгейі теңдей. Оқушының кемелденуіне және ересек тұлға ретінде қалыптасуына мектеп те, отбасы да бірдей деңгейде жауапты. Өйткені, осы екі қоғамдық институттардан үлгі ала отырып, білім алып, тәрбиеленіп, дәл осы институттардың ықпалымен бала дүниетанымы қалыптасқан (сурет-1).



Сурет-1. Бастауыш мектеп пен отбасы арасында бірлесіп әрекет ету факторлары

Бастауыш мектеп пен отбасы арасындағы бірлесіп әрекет ету мәселесін педагогикалық және білім беру менеджменті тұрғысынан зерттеген авторлардың ең көрнектісі А.А.Реана, Т.В.Коваленко болып, авторлар екі қоғамдық әлеуметтік институттар арасындағы (мектеп пен отбасы) байланыстың құрылымдық негіздерін тарихи кезеңдер бойынша құбылмалы өзгергендігін айта кетті. Авторлардың пайымдауынша Кеңестер Одағы тұсындағы орта мектеп пен отбасы арасындағы кез-келген байланыс объект-субъект принципі бойынша жүргізілген. Бұл жерде субъект –бұл білім беру мекемесі, яғни мектеп болса, ал, объект-бұл ата-аналар, яғни отбасы болатын. Осы кезеңде орта мектеп оқушылардың кемелденуіне, тұлға ретінде қалыптасуына жеке өзі жауапкершілікті алған және ата-анамен, отбасы мүшелерімен мектеп оқушыларын тәрбиелеу стилі, білім беру әдістемелеріне қатысты ешқандай есеп бермеген және екі қоғамдық институттың ең бастысы мектеп болып табылған. Мектеп отбасымен қарым-қатынасқа ресми түрде түсіп, авторитарлы байланыс стилін ұстануды жөн санаған.

Тәуелсіздік алғаннан кейін жағдай мүлдем өзгеріске ұшырады. Бастауыш мектеп тек білім беру тапсырыстарын жүзеге асыруға жауапты қоғамдық әлеуметтік институтқа айналды да, баланың кемелденуіне, тұлға ретінде қалыптасуына, дүниетанымының шыңдалуына ата-

ана немесе отбасы жауапкершілікті ала бастады. Осы тұста отбасы мен бастауыш мектеп арасындағы қарым-қатынастар субъект-субъект принципіне ауысты деп айтуға болады.

Бастауыш мектеп пен отбасы арасындағы бірлесіп әрекет ету шаралары оқушының тұлға ретінде қалыптасуында маңызды рол ойнайтыны айқындалған факт. Дегенмен, қазіргі таңда бастауыш мектеп оқушыларының көптеген ата-аналары мектеппен серіктестік құруға ұмтыла бермейді. Көпшілік ата-аналарда балаларының мектептегі өміріне қызығушылық танытатын уақыт тапшылығы проблемалары да кездесіп жатады. Сондықтан мектеп әкімшілігі отбасы институтын мектептегі оқу процесін басқаруға қатысты ынта мен ықылас ояту шараларын да өз деңгейінде ұйымдастыра білуі керек болады. Бұл туралы танымал педагог В.А. Сухомлинский былай деген болатын: «балаларды оқыту және тәрбиелеу шаралары тек мектептің немесе мұғалімнің міндет керлігі емес. Бұл ата-ананың да міндеті. Ата-аналарда педагогикалық мәдениет жоғары деңгейде қалыптасқан болуы шарт. Өйткені, педагогикалық мәдениеті қалыптасқан ата-ана ғана өз баласының мектептегі білім алу мен тәрбиелеу процесіне қосымша көмек көрсете алады». Көрнекті педагогтың тұжырымдамасы қазіргі күнге дейін өз өзектілігін жоғалтқан жоқ.

«Ата-аналарды –бастауыш мектеп жұмысына қосу» деген ұғым соңғы жылдары кеңінен кездесіп те жатыр. Ата-ана немесе отбасы институты бастауыш мектептегі оқушылардың білім алуы мен тәрбиеленуіне белсенді түрде қатыса алуы керек.

Бастауыш мектеп пен отбасының бірлесіп әрекет ету туралы педагогикалық, психологиялық, философиялық және білім беру менеджменті саласындағы әдебиеттерге шолу жасау арқылы екі институттың (отбасы мен бастауыш мектеп) арасындағы бірлесіп әрекет етудің басты қағидаттары бар екендігіне көз жеткізілді (кесте-1).

Кесте-1. Бастауыш мектеп пен отбасы арасындағы бірлесіп әрекет етудің басты қағидаттары

р/н	Басты қағидаттары	Барысы
1	Бастауыш мектеп пен отбасы-тең құқылы қоғамдық институттар	Екі қоғамдық институттың да білім беру процесіндегі мүдделері ортақ, құқықтары мен міндеткерліктері тең саналатын серіктестер болып табылады. Ешқайсысы жоғары да емес, төмен де емес ортақ деңгейде.
2	Бастауыш мектеп пен отбасының бірлесіп әрекет етуі-балаға бағытталған.	Екі қоғамдық институттың да іс-әрекеттері оқушыға бағытталған болып, белгілі бір мақсатқа негізделе отырып бірлескен екі қоғамдық институт мақсаттар мен міндеттерге сәйкес әрекет етуі керек болады.
3	Бастауыш мектеп пен отбасының бірлесіп әрекет етуі-оқушының құндылықтарын ескеру қағидаты.	Екі қоғамдық институт әрекет ету барысында оқушыға көмектесу, оны құрметтеу және оқушыға сенімділік таныту іспеттес құндылықтарға сүйенуі қажет.
4	Бастауыш мектептің оқушы тұлғасын қалыптастырудағы мүмкіндіктерін анықтап алу қағидаты	Отбасы- өз баласының мектепте алатын дағдысы, мектептің әлеуметтену мүмкіндіктері туралы, мектептегі тәрбиелеу стильдері туралы терең білімі болуы керек.
5	Отбасының қоғамдық институт ретінде баланың кемелденуіне әсер ету мүмкіндіктерін анықтап алу қағидаты	Бастауыш мектеп-оқушылардың отбасында алатын тәрбиесі туралы, отбасылық құндылықтардың баланың дүниетанымына ықпалы туралы білімдері болуы тиіс.
6	Бастауыш мектеп пен отбасының бірлесіп әрекет ету процесін ұйымдастыру және басқару қағидаты	Екі қоғамдық институт арасындағы қарым-қатынастың баланың қалыптасуына ықпал ету деңгейін әрдайым мониторинг жасап, басқарып, бақылап отыруы керек

Ол қағидаттар мынадай:

- отбасы мен бастауыш мектеп-білім беру процесіндегі ортақ мүдделі, құқықтары мен міндеткерліктері тең саналатын серіктестер болып табылады. Ешқайсысы жоғары да емес, төмен де емес ортақ деңгейде.
- отбасының да, бастауыш мектептің де іс-әрекеттері оқушыға бағытталған болып, белгілі бір мақсатқа негізделе отырып бірлескен екі қоғамдық институт мақсаттар мен міндеттерге сәйкес әрекет етуі керек болады.
- бастауыш мектеп пен отбасы бірлесе отырып әрекет ету барысында оқушыға көмектесу, оны құрметтеу және оқушыға сенімділік таныту іспеттес құндылықтарға сүйенуі қажет.
- мектеп әкімшілігі мен бастауыш сынып педагогтары, мұғалімдері оқушылардың отбасында алатын тәрбиесі туралы, отбасылық құндылықтардың баланың дүниетанымына ықпалы туралы білімдері болуы тиіс.
- отбасы мүшелерінің, оның ішінде ата-аналар өз балаларының мектепте алатын дағдысы, мектептің әлеуметтену мүмкіндіктері туралы, мектептегі тәрбиелеу стильдері туралы терең білімі болуы керек.
- -бастауыш мектеп те, отбасы да қоғамдық жекелеген институт ретінде оқушыға (балаға) ықпал ету мүмкіндіктерін кеңінен пайдалана білуі керек.
- мектеп әкімшілігі бастауыш мектеп пен отбасы арасындағы қарым-қатынастың баланың қалыптасуына ықпал ету деңгейін әрдайым мониторинг жасап, басқарып, бақылап отыруы.

Бастауыш мектеп әкімшілігінің отбасымен бірлесіп әрекет ету формалары мен әдіс-тәсілдері туралы зерттеген қазақстандық ғалымдардың бірі А.Д. Ансабаева болды. Автор бастауыш мектеп пен отбасы арасындағы диалогтың немесе байланыстың өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, екі қоғамдық институт арасындағы серіктестік тең деңгейде жүзеге асыру үшін мектеп әкімшілігі мынадай шараларды бірізділікпен жүзеге асыру керек деп мәлімдеді:

-мектеп әкімшілігі отбасымен тығыз қарым-қатынас орната отырып, ата-аналарға бастауыш сынып оқушысының психологиялық ерекшеліктері мен бала тәрбиесі (педагогикасы) туралы ақпараттармен белсенді түрде бөлісіп отыруы керек. Яғни, бастауыш мектеп-ағартушылық жұмыстарды жүргізуге міндеттелді.

-мектеп әкімшілігі білім беру мекемесіндегі педагогтар мен мұғалімдер арқылы ата-аналарға баланы тәрбиелеу стиліне қатысты тәжірибелік тұрғыдан қолдау көрсете білуі маңызды.

-мектеп әкімшілігі отбасымен қарым-қатынас барысында отбасылық тәрбиенің құндылығы туралы, мектептегі баланың әлеуметтенуі мен мектептің баланың ортасы ретінде ықпал ету деңгейі туралы тәжірибелерді бұқаралық ақпарат құралдарында жариялап, осы аталмыш мәселе туралы педагогикалық зерттеу жұмыстарын да жүргізіп отыруы керек болады.

-мектеп әкімшілігі отбасы мүшелерінің білім беру мекемесінде жүргізілетін оқыту және тәрбиелеу шараларына белсенділікпен араласуына жол ашуы керек.

-мектеп әкімшілігі отбасы мүшелеріне баланың қалыптасуы туралы, бала тәрбиесі туралы, бала дүниетанымы мен құндылықтарының, көзқарастары мен тұжырымдамаларының қалыптасуы туралы ата-аналардың өз білімін көтеруіне мотивациялануына жағдай жасауы керек (сурет-2).



Сурет-2. Бастауыш мектеп пен отбасы арасындағы бірлесіп әрекет ету процесінде мектеп әкімшілігінің атқарар міндеттері

Бастауыш мектеп пен отбасы арасында бірлесіп әрекет ету немесе серіктестік негізінде байланыстар орнату келесідей факторларға негізделеді, бұл факторлардың әрқайсысы өз деңгейінде жүргізілмесе баланың қалыптасуына кері ықпал ету қаупі де туындауы мүмкін. Бастауыш мектеп пен отбасы бірлесіп әрекет ету факторы. Бастауыш мектеп кезеңі баланың қалыптасуында маңызды рол ойнайтын физиологиялық және психологиялық кезең болып табылады. Бұл кезеңде баламен жұмыс жасауда отбасы бөлек, бастауыш мектеп бөлек әрекет етілген жағдайда бастауыш сынып оқушысының жан-жақты кемелденіп қалыптасуына қол жеткізу мүмкіндігі жойылады. Бұл дегеніміз баланың білімін арттыруда, тәрбиеленуінде, дүниетанымының қалыптасу процесінде мектеп пен отбасы бірлесіп, бір бағытта жұмыстарды ұйымдастырудың маңыздылығы осы фактормен байланысты деген сөз. Оқушының қалыптасуында бастауыш мектеп пен отбасының педагогикалық іс-әрекеттері өзара келісілген болуы керектігі. Бұл фактор да маңызды факторлардың бірі болып табылады.

Сондықтан, баланы кемелденген тұлға ретінде қалыптастыру үшін бастауыш мектеп те, отбасы да бірдей, бір мақсатты тәрбиелеу және білім беру шараларын жүргізуі керек болады. екі қоғамдық институт бірлесе отырып, өзара хабар алмасу арқылы біртұтас білім беру, тәрбиелеу кеңістігін қалыптастыра алуы шарт. Оқушының тұлға ретінде қалыптасуында бастауыш мектептің де, отбасының да алатын жауапкершілігі мен міндеткерлік деңгейі теңдей. Оқушының кемелденуіне және ересек тұлға ретінде қалыптасуына мектеп те, отбасы да бірдей деңгейде жауапты. Өйткені, осы екі қоғамдық институттардан үлгі ала отырып, білім алып, тәрбиеленіп, дәл осы институттардың ықпалымен бала дүниетанымы қалыптасқан.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Зверева О.Л. Семейная педагогика и домашнее воспитание. М. : Академия, 1999. 160 с.
2. Козубовский В. М. Общая психология. Личность. М. Мн., 2004
3. Микляева Н. В. Создание условий эффективного взаимодействия с семьей. М. : Айри – Пресс, 2006. 144 с.
4. Нестерова А. А. Влияние родительского стиля воспитания на формирование семейного мифа. М.: МГСУ, 2002. 246 с.

5. Семья как социальная и эмоциональная единица. Санкт – Петербург: Питер. 2000. 27 с.
6. Сенько Т. В. Психология взаимодействия : Личность в семейном социуме. 2000. 43 с.
7. Канаев Б.И. Педагогический анализ: что должен знать руководитель образовательного учреждения. / Библиотека журнала Директор школы, вып. 4. - 2010. М.: Сентябрь, 2010.- 208с
8. Исламгулова С.К. Управление развитием школы: технологический аспект. Алматы : ИПК. Уч.метод.пос., 2010.-300 с.
9. Т.Кылыбаев.Управление развитием школы. Алматы: И.ПК. Уч.метод.пос., 2011.- 145 с.